

Астана қаласын дамыту мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 5 маусымдағы N 103

Қазақстан Республикасының Президентіне Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде болып өткен кеңестің 1998 жылғы 21 мамырдағы N И-183 хаттамалық ш е ш і м і н о р ы н д а у ү ш і н :

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мен Қаржы министрлігі Астана қаласының әкімімен бірлесе отырып:

2-жылу электр орталығын (N 4 турбоагрегат және N 6 қазандықагрегатты) кеңейту ж ө н і н д е ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н ;

отынның, материалдардың қажетті көлемін сатып алуды және жөндеу науқанын өткізуді қаржыландыру мүмкіндігін қарастырсын;

1999 жылға 110/10 кВт ауқымды енгізу көмекші станциясын (Бизнес-Орталық құрылысы ауданы) іске қосуды белгілесін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржы министрлігінің қатысуымен 1999 жылдың II тоқсанында айналма шеңбер жолды пайдалануға беруді және Алматы-Астана-Көкшетау автострадасын қайта жаңартуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Ақмола облысының әкімімен бірлесе отырып, Астана қаласының коммуналдық меншігіне Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық сарайын, автовокзалды, халықтық білім беру объектілері мен мұражайларды беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын белгіленген т ә р т і п п е н е н г і з с і н .

4. Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен келісе отырып, Евразия университетінің ғимаратын, Ұлттық музейді және спорт кешенін 1998 жылы әзірлеуді және 1999 жылы іске қосуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Астана қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен келісе отырып "Есіл" қонақ үйін ("Президент-Отель"), "ЦУМ" сауда орталығын қайта жаңартуды және 40 қабатты Бизнес-Орталық салуды көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті, Астана қаласының әкімі және Астананың жаңа орталығының бас жоспарының нобай-идеясына халықаралық конкурс

өткізу жөніндегі үкіметтік комиссия:

1998 жылдың 1 шілдесіне дейін Астана қаласының 1999 жылға арналған құрылысының бағдарламасын ұсынсын;

1998 жылдың 1 қазанына дейін жаңа қаланың бас жоспары жөніндегі конкурсты аяқтасын.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қаржы министрлігі Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдерімен бірлесе отырып, "Ертіс-Қарағанды" каналынан суды Есіл өзеніне аудару мәселесін шешсін және қаланы сумен жабдықтауды жақсарту жөнінде шаралар қабылдасын. Қазақстан Республикасының Үкіметіне қала тұрғындарының демалысын ұйымдастыру үшін қала маңында су қоймасын жасау жөнінде ұсыныс енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ақмола облысының әкімі Астана қаласындағы және іргелес аумақтағы отырғызылған ағаштарды сақтау мен суару жөнінде шаралар қабылдасын.

П р е м ь е р - М и н и с т р